ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Бекітілген
2013 жылғы «28» қарашасы
Жеке құрылтайшының шешімімен

«Ofsted» жеке мекемесінің жарғысы



Қостанай қ. 2013 ж.

1. Жалпы ереже

1.1. «Ofsted» жеке мекемесі мемлекеттік емес мекеме болып саналады, ұйымдасқан-құқықтық нысандағы жеке мекеме, бұдан әрі «Мекеме» коммерциялық емес ұйым болып табылады және басты мақсаты табыс табу емес және алынған таза табысты қатысушылар арасында өзара бөліспейді.

1.2. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарын, Президент актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, құрылтайшының шешімдерін, басқа да нормативтік-құқықтық актілер мен осы Жарғыны жетекшілікке алады.

1.3. Мекеменің атауы:

мемлекеттік тілде: «Ofsted» жеке мекемесі

орыс тілінде: Частное учреждение «Ofsted».

1.4. Мекеменің заңды мекенжайы: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы 5 шағынауданы, 17 үй, 14 пәтер.

1.5. Мекеменің қызмет мерзімі шектелмеген.

2. Заңды мәртебесі

2.1. Мекеме заңды тұлға болып табылады, оқшауландырылған мүлкі, жеке балансы, банктік мекемелерде есеп айырысу шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде белгіленген үлгідегі мөрі, мөртанбаны, фирмалық бланкі мен басқа да реквизиттері бар, өзінің атынан мүліктерді сатып ала алады және басқа да құқықтар мен міндеттерді іске асыруда сотта талапкер, жауапкер және үшінші жақ ретінде қатыса алады.

2.2. Мекеме Құрылтайшысы Қостанай қ., 5 ш.а, 17 үй, 14 п. мекенжай бойынша тұратын Мухамеджанова Айнагуль Казбаевна, ҚР ІІМ 02.09.2002 жылы берілген №012927017 жеке куәлігі, болып табылады.

3. Мекеме қызметінің мақсаты мен түрлері

3.1. Мекеме қызметінің негізгі мақсаты білім саласы аясында білім беру қызметтерін ұсыну жолдарымен, консультациялық, аккредитациялау қызметтерін іске асыру болып табылады, аттестаттау үрдістеріне жетекшілік ету, жеке және заңды тұлғаларға білім саласында лицензиялық бақылау және Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамаларына қарсы келмейтін қызметтер көрсету.

3.2. Мекеме қызметінің түрлері:

3.2.1. білім саласындағы аттестаттау, лицензиялық бақылау мәселелері мен басқа да мәселелер бойынша консультация беру;

3.2.2. дамыту бағдарламаларын, оқыту курстары бағдарламаларын әзірлеу;

3.2.3. шығармашылық байқауларға әзірлік барысында көмек көрсету;

3.2.4. тәуелсіз тестілеуге әзірлік пен оны өткізу;

3.2.5. техникалық және еңбек қызметін көрсететін кәсіптердің (мамандардың) кәсіби біліктіліктеріне әзірлік пен оны иемдену деңгейлерін бағалау;

3.2.6. семинарлар ұйымдастыру мен өткізу;

3.2.7. заңи қызметтер көрсету;

3.2.8. сайттар әзірлеу мен енгізу;

3.2.9. мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бағдарламаларын іске асыру;

3.2.10. білім беру ұйымдарындағы жұмыс оқу жоспарларының білім саласындағы заңнамаларға сәйкес келуіне сұрыптама жасау;

3.2.11. біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізу;

3.2.12. білім беру ұйымдарына аккредитациялау рәсімдерін өткізу;

3.2.13. басқа да, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шектеу қойылмаған қызмет түрлері болып табылады.

4. Қаржыландыру, есеп және есеп беру

4.1. Мекеме қызметі білім беру қызметтерін көрсету кірістері есебінен, құрылтайшының қаражаты мен Қазақстан Республикасының заңнамаларымен шектелмеген басқа да қаржы көздерімен қаржыландырылады.

4.2. Мекеме кірістерін қолдану тәртібі сметалық кірістер мен шығындарға сәйкес директормен белгіленеді.

4.3. Мекемемен бекітілген азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамаларымен белгіленген тәртіпте тіркеуге жатқызылады.

4.4. Мекемеде есеп жүргізу пен есеп беру, мұрағат пен іс-қағаздарын жүргізу Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамаларына сәйкес іске асырылады.

5. Мекеме басқармасының органдары

5.1. Мекеме басқармасының жоғарғы органы оның Құрылтайшысы болып табылады. Құрылтайшының ерекше құзыреттілігіне:

5.1.1. мекемені құру, қайта ұйымдастыру мен тарату мәселелерін шешу;

5.1.2. ұсыныс бойынша Мекеме қызметінің мәні мен мақсатын белгілеу.

5.1.3. жарғыны бекіту, оған өзгерістер мен толықтыру енгізу;

5.1.4. мүлікті беруге қатысты мәселелерді шешу;

5.1.5. мекеменің ағымдағы және келешектегі шаруашылық жоспарларын қарастыру мен бекіту;

5.1.6. мекеме қызметі туралы толық ақпарат алу;

5.1.7. атқарушы орган құру мен оның өкілдігін кезегінен бұрын тоқтату;

5.1.8. оның құзыреттілігіне қатысты мәселелерді, Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамаларына сәйкес шешімдер қабылдау жатады.

5.2. Мекеменің ағымдағы басшылығын іске асырушы, Мекеменің атқарушы органы Директор болып табылады.

5.3. Директорға Мекеменің барлық бағыттары бойынша Мекеменің жұмыс жағдайына қатысты Құрылтайшының алдында дербес жауапкершілік жүктеледі.

5.4. Мекеме директоры:

5.4.1. мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет ете алады, оның мүддесін барлық органдар мен ұйымдарға таныстыра алады;

5.4.2. Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген жағдайда Мекеме мүлкіне иелік ете алады;

5.4.3. келісім, соның ішінде еңбек келісім шарттарын жасайды;

5.4.4. сенімхаттар береді;

5.4.5. банктік мекемелерде есепшоттар ашады;

5.4.6. мекеменің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және үкімдер береді;

5.4.7. еңбек заңнамаларына сәйкес жұмысқа қабылдайды, қызметкерлерді жұмыстан босатады, сонымен қатар мадақтау мен тәртіптік жазалар тағайындауға жазалар қабылдайды;

5.4.8. мекеме еңбек төлемақысының қорын, еңбек төлемақысы жүйесінің негізінде Құрылтайшымен әзірленген және бекітілген еңбек төлемақысының нысанын белгілейді;

5.4.9. мекеменің штаттық кестесі мен қаржыландыру жоспарын бекітеді.

5.4.10.құрылтайшының шешімін ұйымдастырады және іс жүзіне асырады;

5.4.11. басқа да, жоғарыда белгіленген оның құзыреттіліктеріне сәйкес фунцияларды іске асырады.

6. Мекеменің құқықтары мен міндеттері

6.1. Мекеме өз қызметіне қатысты негізгі міндеттерді орындау мақсатында келесі құқықтарға ие:

6.1.1. өндірілетін өнімдерді (жұмыс пен қызмет) өздігінен іске асыруға;

6.1.2. осы Жарғымен қарастырылған әкімшілік-шаруашылық қызметтерді ұйымдастыру мен іске асыруға;

6.1.3. шетелдер мен халықаралық мекемелермен тікелей байланыстар орнату, білім мен ғылым қызмет саласындағы әріптестік туралы келісім шарт орнату;

6.1.4. мекеме кірісін пайдадан айыруға байланысты мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне, мүлікті қайта бөлуде, тауардың құнын белгілеуде (жұмыстар, қызметтер) Мекеме өндірген, сонымен қатар Мекеме құқығы бұзылатын басқа да әрекеттерге қатысты сотқа шағым жасай алады.

6.2. Мекемеге тыйым салынады:

6.2.1. қызметтерді, Жарғыда бекітілген оның қызметіндегі мақсаты мен міндетіне жауап бермейтін мәмілелер жасауды іске асыруға;

6.2.2. құрылтайшының жазбаша келісімінсіз негізгі қорға қатысты сатып алу-сату айырбас, сыйға тарту немесе басқа да мәмілелер негізінде сатып алуға;

6.3. Мекеме міндетті:

6.3.1. Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамаларына сәйкес бюджетке салық пен басқа да төлемдерді төлеуге;

6.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамаларындағы нысандар бойынша құжаттама, есеп жүргізу мен есеп беруді жүргізуге;

6.3.3. оған берілген мүліктерді сақтауды қамтамасыз етуге.

7. Мүліктік, қаржылық-шаруашылық қызмет

7.1. Мекеме мүлкі жедел басқару үшін берілген Құрылтайшының жеке меншігі болып табылады және салымдарға, үлестерге, пайға бөлінуге тиісті емес. Мекеме мүлікті мекеменің негізгі міндеттеріне қарсы келтірмеу мақсатында қолданылуға тиіс.

7.2. Мүлікті бөлу құқығына Құрылтайшы ие. Мекеме балансындағы мүлікті сатуға, басқа ұйымдар мен азаматтарға беруге, кепілдік ретінде қоюға, айырбастауға, суреттеуге, көшіруге негізгі қаражаттар Құрылтайшының шешімі негізінде жасалады.

7.3. Мекеме мүлкі:

7.3.1. құрылтайшыға берілген мүлік;

7.3.2. жеке жұмыс нәтижесінде сатып алынған мүлік;

7.3.3. заңнамалармен тыйым салынбаған басқа да негіздер есебінен қалыптасады.

8. Филиалдар мен үкімет

8.1. Мекеме Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес филиалдар мен өкілдік құру құқығына ие, сонымен қатар басқа да заңды тұлғаларға Құрылтайшы бола алады.

8.2. Мекеме филиалы болып ол орналасқан орыннан тыс жерде және оның функциясының барлық немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік функциясын іске асырушы мекеменің оқшауландырылған бөлімшесі болып табылады.

8.3. Мекеме өкілдігі болып ол орналасқан орыннан тыс жерде және оның атынан мәмілелер мен басқа да құқықтық әрекеттер жасай алатын коммерциялық ұйымдарды қорғауды іске асыратын және мүдделеріне өкілдік бола алатын оқшауландырылған бөлімшесі болып табылады.

8.4. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Олар Мекеме мүлкінен жасалынады және бекітілген оның ережесі негізінде әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және Мекеме балансында есептелінеді.

8.5. Мекеме филиалдары мен өкілеттіктерінің басшылары Мекеменің жоғары басқарушылық органымен тағайындалады және оның сенімхаты негізінде әрекет етеді.

9. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

9.1. Қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу, қайта жасау) немесе тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен

және басқа да заңнамалық актілермен қарастырылған тәртіпте Құрылтайшының шешімі бойынша өндіріледі.

9.2. Мекемені тарату туралы шешім қабылдаған Құрылтайшы бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді іске асырушы құзырлы органға шапшаң күйде жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

9.3. Мекемені тарату туралы шешім қабылдаған Құрылтайшы тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Мекемені тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

9.4. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Мекеменің мүлкі мен істерін басқару жөнінде өкілдік беріледі. Тарату комиссиясы Мекеме атынан сотқа шыға алады.

9.5. Тарату барысында қалған Мекеме мүлкі қарызгер мен несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін Құрылтайшыға беріледі.

Прошнуровано и
пронумеровано на
12 листов